

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕСІН БАСҚАРУ

Кошкулова Асем Сериковна, Тоялықызы Айша

akoshkulovas@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының
2 курс студенттері, Нур-Султан қ., Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: Нуркенова М.Ж.

Әлеуетті, ерекше және шығармашылықты талап ететін идеялар, әдетте, шағын топтар мен командаларда қалыптасады. Инновациялық идеяларды іске асырғаннан кейін кәсіби прототипке, содан соң шағын өндіріске айналдыру қажет. Дегенмен, идеяның пайда болуы мен соңғы өнімді жүзеге асыруға дейінгі уақыт интервалы аса ұзаққа бармай, қысқа уақыт аралығы болуы керек. Бірақ өз кезегінде техника мен құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, персонал құрамының кәсіби дағдыларын жетілдіру, тиімді маркетинг жүйені қалыптастыру және т.б. өндіріске байланысты процесстер жеткіліксіз, перспективалы, креативты инновациялар үшін бизнес-ортаны құрудың қажеттілігі өте жоғары. Осы іспеттес инновациялық экожүйелер ғаламдық нарықта белсенді түрде, тиімді әрі сапалы бәсекелестікке түсуге мүмкіндік береді.

Инновациялық экожүйе – бұл белгілі бір мекемелер мен кәсіпкерлердің арасындағы тұтастай қарым-қатынас жиынтығы болып табылады. Қазіргі таңда қоғамның аса жоғары бағаланатын кәсіпкерлік мәдениеттің болуы экожүйенің іске асырылуы үшін маңызды, атап айтқанда мекемелер мен кәсіпкерлер арасындағы сенім, тәуекел мен сәтсіздікті мойындау, қажырлы еңбек тарихы нәтижесіндегі жетістік.



Сурет-1. Инновациялық экожүйенің құрылымы

1- Кесте. Инновациялық өнімдердің (тауарлар мен көрсетілген қызметтер) ЖІӨ-дегі үлесі, %

	2017ж.	2018ж.	2019ж.	2020ж.
Инновациялық өнімдердің (тауарлар мен көрсетілген қызметтер) ЖІӨ-дегі үлесі, %	1,55	1,72	1,60	2,43

[2] негізінде автормен құрастырылған

1 кестеде көріп отырғанымыздай Инновациялық тауарлар мен қызмет көрсету салаларындағы өнімдер Қазақстан Республикасындағы ЖІӨ көлемінде жыл сайын өсіп жатыр. 2017,2018,2029 жылдармен салыстырғанда 2020жылы бұл көрсеткіш аса жоғары көрсеткішке жетті. Бұл дегеніміз әр жыл сайын елімізде инновация саласы дамып келе жатыр. Осыған орай мемлекет инновация саласына үлкен қолдау көрсетуде.

Сурет-2. Инновациялық өнімдердің (тауарлар мен көрсетілген қызметтер) ЖІӨ-дегі үлесі, %



негізінде автормен құрастырылған

Қазақстанда инновациялық экожүйені құру "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы жұмысының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Бұл міндетті Қазақстан Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2018 жылғы 5 қазандағы Жолдауында қойды.

ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі осыған байланысты инновациялық кластерлер (технологиялық платформалар) құру бойынша жұмыс жүргізуде. Бұл стартаптарды, бизнес-объектілерді, бір сектор мен өңірде жұмыс істейтін зерттеу ұйымдарын біріктіру және күш-жігерді, қуаттарды және озық тәжірибені біріктіруге бағытталған. Басым бағыттар бойынша 8 кластер анықталды:

Индустрия 4.0

SmartCity

Жасанды интеллект

Жаңа қаржы технологиялары

Мемлекеттік қызмет көрсетудегі инновациялық шешімдер

Шикізатты қайта өңдеу және жаңа материалдар

Аэроғарыш өнеркәсібі

Жаңа энергетика және жасыл технологиялар

Мұндай желіні құру үшін Astana Hub командасы Республикалық маңызы бар 3 қалада және 14 облыс орталығында болды. Әрбір өңір үшін жеке даму жоспары әзірленді. Осылайша, технопарк өңірлік инновациялар орталықтарына команда құруда, инфрақұрылымды құруда, стартаптарды қолдау бағдарламаларын іріктеуде, корпоративтік сектормен және инвесторлармен жұмыста, сарапшыларды тартуда (менторлар, трекерлер, технологиялық брокерлер, коммерцияландыру жөніндегі мамандар және т.б.) қолдау көрсетеді. Отандық инновациялық жобаларды осындай инвестициялармен қамтамасыз ету үшін 2019 жылы "QazTech Ventures" АҚ венчурлік қоры құрылды.[1]

2- Кесте. 2020 жылға өнімдік және процестік инновациялар бойынша өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігі көрсеткіштері

	Кәсіпорындар саны- барлығы, бірлік	одан	Инновация саласындағы белсенділік деңгейі, %-бен
		Инновациясы барлар	
Қазақстан Республикасы	4 154	640	15,4
Ақмола	184	30	16,3
Қарағанды	428	56	13,1
Қостанай	212	18	8,5
Павлодар	242	55	22,7
Түркістан	127	26	20,5
Шығыс Қазақстан	346	31	9,0
Нұр-Сұлтан қаласы	310	49	15,8
Алматы қаласы	820	173	21,1
Шымкент қаласы	306	25	8,2

[2] негізінде автормен құрастырылған

2-Кестеде кәсіпорындар санынан басты орынды Алматы қаласы мен Қарағанды қалалары алып тұр. Олардың ішінде инновациясы барлар Қазақстан бойынша 640 құрайды. Бұл еліміздегі инновацияның дамуына тағыда күш салу керек екенін көрсетіп тұр. Бұл саладағы белсенділік деңгейі Павлодар қаласы мен Түркістан облысында жоғары көрсеткішті көрсетеді. Шымкент қаласы және Шығыс Қазақстан облыстары соңғы деңгейде тұр.



Сурет-2. 2020 жылға өнімдік және процестік инновациялар бойынша өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігі көрсеткіштері. [2] негізінде автормен құрастырылған


3-Кесте. 2020 жылғы инновациялық қызметтің негізгі көрсеткіштері

	Кәсіпорындар саны- барлығы, бірлік	одан	Инновация саласындағы Белсенділік деңгейі, %- бен
		Инновациясы барлары	
Қазақстан Республикасы	28 087	3 236	11,5
Ақмола	1 160	86	7,4
Қарағанды	2 196	281	12,8

Қостанай	1 337	191	14,3
Павлодар	1 128	101	9,0
Шығыс Қазақстан	1 831	236	12,9
Нұр-Сұлтан қаласы	3 605	453	12,6
Алматы қаласы	6 561	856	13,0
Шымкент қаласы	1 426	101	7,1

негізінде автормен құрастырылған

2020 жылғы инновациялық қызметтерге тоқталсақ, Республикада Алматы және Нұр-Сұлтан қаласы кәсіпорындар санынан көш бастап тұр. Осы саладағы жоғары белсенділікке Қостанай (14,3%) мен Солтүстік Қазақстан (14,1%) ие екенін байқауға болады. Қазақстан бойынша 28087 кәсіпорынның 3236-сында инновациясы бар.



Сурет-3. 2020 жылғы инновациялық қызметтің негізгі көрсеткіштері негізінде автормен құрастырылған

Astana Hub-тың жаһандық миссиясы - инновациялық жобаларды дамыту орталығына айналу, серпінді IT-компанияларды іске қосу және әлемнің түкпір-түкпірінен жас және дарынды IT мамандарының сыни массасын тартудың ошағына айналу. Хаб ағылшын заңнамасына және қазақстандық және шетелдік қатысушылар үшін арнайы салық режиміне бағынады.




Сурет-4. Astana Hub-тың стартаптар бойынша жетістіктері негізінде автормен құрастырылған

Хаб аумағында қазақстандық және шетелдік қатысушылар үшін арнайы салық режимі бар. Бұл технопаркке Қырғызстан, Ресей, Украина, Беларусь, Израиль, БАӘ, Оңтүстік Корея, Қытай, Жапония, Сингапур, Ұлыбритания, АҚШ сияқты елдерден 50-ге жуық 500-ден астам

IT-компанияны тартты. Үш жыл жұмыс істеген стартаптар 166 миллиард теңге табыс тауып, 48,4 миллиард теңге инвестиция, гранттар мен несиелер тартты. Салықтық жеңілдіктердің арқасында IT-компаниялар 14,9 млрд теңге үнемдеді. [3]

Қазақстандағы инновациялық экожүйелерінің SWOT талдауы

<p>Strengths. Мықты жақтары</p> <ul style="list-style-type: none"> - Инновациялық экожүйелердің жылдам және қарқынды бастау алу мүмкіндігі - Әлсіз бәсеке – көптеген бос экожүйелерді дамыту үшін тиімді - Халықтың мұндай жобаларға оң көзқарасын атап өтуге болады, яғни қоғамның қабылдауы - Мемлекеттің инновациялық жобаларды жүйелі қолдауы 	<p>Weaknesses. Әлсіз жақтары</p> <ul style="list-style-type: none"> - Жоғары шығындар мен еңбек күшінің қымбаттылығы төмен санақ пен халықтың тығыздығы сипатымен көрінеді - Интернеттің нашар енуі (Қазақстан Республикасы халқының 20%-дан кем емес) - Инновация саласы туралы түсініктің төмен деңгейі. Адамдардың бұл салаға аз тартылуы
<p>Opportunities. Мүмкіндіктер</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қанықпаған нарық - Халықтың өмір сүру деңгейінің тұрақты өсуі - Тұтынудың жоғары стандарттарына ұмтылу - Мемлекеттік және ұлттық компаниялардан қазақстандық инновациялық компанияларға преференциялар 	<p>Threats. Қайып-қатер</p> <ul style="list-style-type: none"> - Сыбайлас жемқорлық, бюрократиялық кедергілер - Шикізат бағасының құбылуы – экономикалық баяулау - Жұмысқа қабылдау кезіндегі қиындықтар



Сурет-5. Қазақстанның инновациялық жобалары мен инновациялық экожүйесінің болашағы

Бүгінгі таңдағы ақиқат - бұл шексіз өзгерістер құйындығы және олардың тез жүріп жатқаны сонша, жаңа жағдайларға уақытында бейімделу өте маңызды. Ұзақ мерзімді перспективада жетістікке жету тек жүйенің өзінде жүйені алға жылжытатын түбегейлі өзгерістер болған кезде мүмкін болады. Дәл осы прогрестің нағыз қозғалтқыштары (адами капиталмен бірге) стартаптарды – жанару мен даму құралын, экономиканы физикалық өлшемінде (ЖІӨ өсімін) емес, техникалық кәсіпкерліктің жаңа мәдениеті қоғамдық сананың пайда болуын және қоғамдық сананың трансформациясын қамтиды. Мұндай мәдениетті қалыптастыру үшін технология кәсіпкерлерінің бірлестігі пайда болады.

Жақсы жұмыс істейтін стартап-экожүйе – Қазақстан үшін АКТ саласында да, басқа салаларда да озық ойлардың «тартылатын нүктесі» және прогрессивті идеялардың генераторы болуы мүмкін. Бұл оңай мәселе емес, бірақ оны жүзеге асырудағы кешігуі елдің дамуын жылдарға кейінге қалдыруы мүмкін. Сондықтан қазір ұзақ мерзімді өзгерістерді бастау үшін негіз қалау өте маңызды, бұл стартап-экожүйені дамыту жөніндегі іс-шаралар соған бағытталған.

Қазіргі уақытта Қазақстанда венчурлық қаржыландыру институты одан әрі дамытуын қажет етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі-«Инновациялық экожүйені дамыту».
2. <https://stat.gov.kz/>
3. «Astana Hub 3 жыл: жетістіктер санмен»
4. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты//«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы.